

«Ахмет Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай өңірлік
университеті» КЕАҚ



Бекітемін
Басқарма мүшесі – академиялық
мәселелер жөніндегі проректор
Э.Наурызбаева



**«Шетел филологиясы (ағылшын тілі)» білім беру бағдарламасы бойынша
Студенттер арасындағы республикалық олимпиаданы өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Шетел филологиясы (ағылшын тілі)» білім беру бағдарламасы бойынша студенттер арасындағы Республикалық олимпиаданы (бұдан әрі — Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін реттейді.

1.2. Олимпиада республикалық іс-шара мәртебесіне ие болып, «Шетел филологиясы (ағылшын тілі)» білім беру бағдарламасы бойынша оқытатын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы студенттер арасында өткізіледі.

1.3. Олимпиаданы өткізудің негізі - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі — ҚР ҒЖБМ) республиканың жоғары оқу орындары студенттерінің пәндік олимпиадаларын ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдары.

1.4. Олимпиаданы белгіленген тәртіппен айқындалған жоғары оқу орны ұйымдастырушы (бұдан әрі — Ұйымдастырушы) өткізеді. Ұйымдастырушы Ұйымдастыру комитетін (Ұйымком) және Олимпиада қазылар алқасын құрады.

1.5. Олимпиаданың жұмыс тілі — ағылшын тілі.

1.6. Олимпиадаға қатысуға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тамақтану және өзге де іссапар шығыстары) жоғары оқу орнының қатысушысы өз қаражаты есебінен өтейді. Республикалық кезеңді ұйымдастыру және өткізу шығыстарын ұйымдастырушы жоғары оқу орны көтереді.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Олимпиаданың мақсаты — цифрлық өзгерістер жағдайында ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген және шетел филологиясы саласындағы кәсіби құзыреттіліктері жоғары дарынды студенттерді анықтау және қолдау.

2.2. Олимпиаданың міндеттері:

- «Шетел филологиясы (ағылшын тілі)» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби даярлық сапасын арттыру;
- ағылшын тілін, лингвистика мен аударматануды тереңдете оқуға деген қызығушылықты ынталандыру;
- тілдік құбылыстарды сыни ғылыми тұрғыдан талдау және зерттеу нәтижелерін ұсына білу дағдыларын дамыту;
- цифрландыру және жасанды интеллект технологияларының кең таралу жағдайында мәтіндермен жұмыс істеу құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлықты нығайту;
- цифрландыру дәуіріндегі лингвист мамандығын насихаттау.

3. ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Олимпиадаға Қазақстан Республикасының «Шетел филологиясы (ағылшын тілі)» білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының күндізгі бөлім 2-3 курс студенттері қатыса алады.

3.2. Қатысудың міндетті шарты — тиісті жоғары оқу орнында өткізілген олимпиаданың I (университетшілік) кезеңінде жеңімпаз (I, II немесе III орын) атанған болу.

3.3. Өкілдік квотасы: бір жоғары оқу орнынан университетшілік іріктеу кезеңінен өткен екіден артық емес студент.

3.4. Қатысушылар жоғары оқу орны басшылығының ресми хаты және олимпиаданың I кезеңі нәтижелерінің хаттамасы негізінде жіберіледі.

3.5. Әр қатысушы жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы мен студент билетімен келуі тиіс.

3.6. Олимпиадаға қатысу ерікті.

4. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Олимпиаданың кезеңдері

Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

I кезең (университетшілік) - әр жоғары оқу орнында дербес өткізіледі. Мақсаты - республикалық кезеңге жіберу үшін жеңімпаздарды іріктеу. I кезеңнің қорытындысы хаттамамен ресімделіп, белгіленген мерзімде Ұйымдастырушыға жіберіледі.

II кезең (республикалық) - ұйымдастырушы жоғары оқу орнының негізінде тікелей қатысу форматында өткізіледі және екі турдан (іріктеу және финал) тұрады. Өткізілетін күні мен орны қатысушыларға 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей хабарланады.

4.2. Бірінші тур - Іріктеу

Мақсаты: жазбаша тапсырмалар нәтижесі бойынша екінші турға жіберілетін қатысушыларды айқындау.

Орындау форматы: компьютерде орындалады; қатысушының қалам, қарандаш, қағаз және байланыс құралдарын (телефон, смарт сағат) пайдалануына жол берілмейді.

Жалпы уақыт: 120 минут: эссе - 60 минут, тест - 60 минут.

Ең жоғары балл: 100 балл.

Бірінші тур төмендегі тапсырмаларды қамтиды:

Тапсырма	Мазмұны / форматы	Балл
1. Лексика-грамматикалық тест	CAE/CPE форматы (multiple choice, трансформация, бос орынды толтыру, сөзжасам)	30
2. Пәндер бойынша тест	Оқылатын тілдің теориясының негіздері, Англия мен АҚШ-тың елтануы және әдебиеті (multiple choice)	30

3. Эссе	Ағылшын тілінде пайымдау эссесі (300 сөз)	40
БАРЛЫҒЫ		100

4.2.1. Эссені бағалау өлшемдері мен параметрлері (40 балл)

№	Бағалау өлшемі	Параметрі
1	Тақырыптың толық ашылуы	Тапсырманың барлық аспектілері қамтылған; мазмұны тақырыпқа сәйкес келеді
2	Мәтін құрылымы	Кіріспе, негізгі бөлім және қорытындының болуы; баяндау логикасы
3	Регистр	Эссе стиліне сәйкес ресми не бейтарап регистр қолданылған
4	Лексика (C1/C2 деңгейі)	Лексикалық байлық: синонимдер, дұрыс тіркестер, C1/C2 деңгейіндегі лексика
5	Грамматика (C1/C2 деңгейі)	Грамматикалық құрылымдар C1/C2 деңгейіне сәйкес; күрделі құрылымдар қолданылған
6	Тілдік дұрыстық	Стилистикалық, лексикалық және грамматикалық дәлдік; қателердің болмауы
7	Көлем	300 сөз (көлем талабының бұзылуы балл шегеруге әкеледі)
8	Өзіндік ой мен дәлелдеме	Ойдың дербестігі; дәлелдердің сенімділігі; пайымдау логикасы

Екінші турға бірінші тур қорытындысы бойынша (100 баллдан) ең көп балл жинаған қатысушылар жіберіледі. Ұйымдастыру комитеті олимпиада басталғанға дейін ең төменгі өту шегі мен финалистер санын белгілейді.

4.3. Екінші тур — Әлеуметтік бағдарланған жобаны қорғау

Мақсаты: қатысушылардың лингвистика саласында ғылыми зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін қоғамдық қорғау форматында ұсына білу қабілетін бағалау.

4.3.1. Қатысушылар лингвистика бойынша әлеуметтік бағдарланған жобаны ұсынады. Жоба практикалық бағытта болып, тіл, қарым-қатынас немесе тілдік білім берудің өзекті мәселелерін көрсетуі тиіс.

4.3.2. Қорғау форматы: ағылшын тілінде 5–7 минут ұзақтығындағы ауызша таныстыру, одан кейін қазылар алқасы мүшелерінің сұрақтары (5 минутқа дейін).

4.3.3. Жоба материалдары (аннотация, таныстырылым слайдтары) екінші тур өткізілетін күні электрондық түрде ұсынылады.

4.3.4. Екінші турды бағалау өлшемдері:

- зерттеу тақырыбының өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы;
- ғылыми негізділігі мен талдау тереңдігі;
- ауызша сөйлеу сапасы: еркіндігі, айтылымы, баяндау логикасы;
- дәлелдеменің сенімділігі және сұрақтарға жауап бере білуі;
- таныстырылым материалдарының сапасы мен көрнекілігі.

4.3.5. Екінші тур үшін ең жоғары балл - 100 балл.

4.4. Жалпы ұйымдастыру шарттары

- Турлар бекітілген кестеге сәйкес кезекпен өткізіледі.
- Бірінші тур барысында сөздіктерді, ұялы телефондарды, жасанды интеллект құралдарын және өзге де көмекші құралдарды пайдалануға тыйым салынады.
- Ереже бұзылған жағдайда қатысушы турдан қайта өту құқығынсыз шеттетіледі.
- Бірінші тур жазбаша жұмыстары қазылар алқасының тексеруі аяқталғанға дейін шифрланады.

5. БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

5.1. Бірінші тур (іріктеу) осы Ереженің 4-бөлімінде белгіленген өлшемдерге сәйкес 100 баллдық шкала бойынша бағаланады.

5.2. Екінші тур (жобаны қорғау) 100 баллдық шкала бойынша бағаланады. Финалистердің түпкілікті рейтингі екінші тур нәтижелері бойынша айқындалады.

5.3. Екінші турда екі немесе одан көп қатысушының баллы тең болған жағдайда ауызша сөйлеу сапасы мен сұрақтарға жауаптары үшін жоғары баға алған қатысушыға басымдық беріледі.

5.4. Бірінші тур жазбаша жұмыстарының әрқайсысы қазылар алқасының екі мүшесімен дербес бағаланады. Бағалар арасындағы айырмашылық 10%-дан асқан жағдайда түпкілікті баға қазылар алқасының үшінші мүшесімен ақылдасу арқылы айқындалады.

5.5. Бағалау нәтижелері жеке бағалау парақтарында және қазылар алқасының барлық мүшелері қол қойған жиынтық тізімдемеде тіркеледі.

6. АПЕЛЛЯЦИЯ

6.1. Әр қатысушы өз жұмысының бағалану нәтижелеріне апелляция тәртібімен шағым жасауға құқылы.

6.2. Апелляция қатысушының өзі немесе оның ресми жетекшісі арқылы Апелляциялық комиссия төрағасының атына жазбаша түрде беріледі.

6.3. Апелляциялық өтінішті беру мерзімі - тиісті тур нәтижелері ресми жарияланған сәттен бастап 30 (отыз) минут.

6.4. Апелляциялық өтініште қатысушының тегі мен аты; жоғары оқу орнының атауы; тур мен тапсырманың нөмірі; қойылған бағамен келіспеудің негіздемесі болуы тиіс.

6.5. Кемінде 3 мүшеден тұратын апелляциялық комиссия өтінішті берілген сәттен бастап 30 минут ішінде қарайды.

6.6. Апелляция қорытындысы бойынша қатысушының баллы жоғарылатылуы, расталуы немесе төмендетілуі мүмкін (бастапқы тексеру кезінде қатысушы пайдасына қателер анықталса).

6.7. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті және қайта қаралуға жатпайды.

6.8. Олимпиаданы өткізу шарттарына, тапсырмалардың мазмұнына және бағалау өлшемдеріне апелляция қабылданбайды.

7. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

7.1. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері екінші тур (әлеуметтік бағдарланған жобаны қорғау) қорытындысы бойынша айқындалады:

- I орын - ең көп балл жинаған 1 қатысушы;
- II орын - 2 қатысушы;
- III орын - 3 қатысушы.

7.2. Ұйымком арнайы номинациялар белгілеуге құқылы (мысалы, «Үздік эссе үшін», «Үздік ғылыми таныстырылым үшін», «Үздік әлеуметтік жоба үшін»).

7.3. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II және III дәрежелі дипломдармен, сондай-ақ естелік сыйлықтармен марапатталады. Барлық қатысушылар қатысушы сертификатын алады.

7.4. Нәтижелерді ресми жариялау және марапаттау рәсімі республикалық кезең аяқталатын күні өткізіледі.

7.5. Олимпиаданың түпкілікті хаттамалары Олимпиада аяқталғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде барлық қатысушы жоғары оқу орындарына жіберіледі.

7.6. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер туралы ақпарат ұйымдастырушы жоғары оқу орнының ресми сайтында жарияланады және ҚР ҒЖБМ-ге жіберілуі мүмкін.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1. Осы Ережемен реттелмеген барлық мәселелерді Олимпиаданың Ұйымдастыру комитеті шешеді.

8.2. Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне еніп, тиісті Олимпиада циклі аяқталғанға дейін қолданылады.

8.3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ұйымдастыру комитетінің шешімімен енгізіліп, республикалық кезең басталғанға дейін 14 күнтізбелік күн бұрын барлық қатысушы жоғары оқу орындарының назарына жеткізіледі.